

Түркістан облысының білім басқармасының «№8 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстары нәтижесінде қалыптастырылған анықтама жобасына жария талқылау

№2 ХАТТАМАСЫ

Ленгiр қаласы

20.06.2024 жыл

Төрағалық етуші «№8 колледж» МКҚК директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Естаев Алмас Койшыбаевич

Хатшы: Колледж заңгері С.Бейсен

Қатысқандар: 25 (жиырма бес) қызметкер

Күн тәртібінде:

1. Кәсіпорын қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстары нәтижесінде қалыптастырылған анықтама жобасына талқылау;

Төрағалық етуші А.К.Естаев 2024 жылғы 17 мамыр-28 маусым аралығына жоспарланған Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8-бабы 5-тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16 ақпанындағы №21 бұйрығын орындау мақсатында кәсіпорынның 2024 жылғы 11 сәуіріндегі №75 Ө/к бұйрығымен құрылған топпен сыбайлас жемқорлық тәуекелінің туындауына жол беретін себептер мен жағдайларға ішкі талдау жұмыстары жүргізілгенін айтты.

Атап айтқанда:

1. Кадр бөлімінің меңгерушісі Ф.Сейдаевтың лауазымдық міндетінде, нақтырақ бұйрықтарына грамматикалық қателер дұрыстау және түзету баса айтылды.
2. Мемлекеттік сатып алу порталы арқылы бір көзден түзілген үш келісім шарт анықталды. (Төмендегі көрсетілген негізге байланысты Мемлекеттік сатып алу туралы заңына сәйкес түзілген)

Негізі: Конкурс жүргізілген уақытта, конкурс жеңімпазы анықталған уақытқа дейін Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 39 бабының 3 тармағының 50 тармақшасына сәйкес «егер мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімі, бірақ екі айдан аспайтын мерзім ішіндегі қажеттілігін қамтамасыз етуге қажетті осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу көлемінен аспайтын көлемде, уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жүзеге асырылатын жағдайда, мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезенге күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттілікті осындай мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға қажеттілік болса, жүзеге асырылады» заңы негізінде және осы заңға сәйкес 2 айға дейінгі уақытқа шарт түзілген.

Төрағалық етуші сөз кезегін алып, күн тәртібіндегі талқыланған мәселе өзекті екендігін айтып, қатаң бақылауға алуға қажеттілігін тапсырды. Заңнама талаптарын сақтауды қатаң ескертті.

Кәсіпорын қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстары нәтижесінде қалыптастырылған анықтама жобасына талқылау жүргізу жиналысы **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктерді жою мақсатында жұмыстар жасалсын;

Төрағалық етуші:



А.К.Естаев

Жиналыс хатшысы:



С.Н.Бейсен